

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2020 жылдың 2 - ші тоқсаны бойынша

Жеке тұлғалар салымдары нарығының даму динамикасы

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі - ДКЖ) қатысушы банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2020 жылғы 1 шілде айына қарай 9.8 трлн. теңгені құрады. Екінші тоқсанда ДКЖ депозиттерінің 0.5% төмендеуі байқалады (-49.4 млрд. теңге), бұл шетел валютасындағы депозиттердің азаюы мен теңге бағамының АҚШ долларына қарағанда өсуіне байланысты болған. Бұл ретте, ұлттық валютадағы депозиттер өсімінің ұлғаюын атап өткен жөн (10.6%, +550.9 млрд. теңге), бұл 2020 жылдың 1-тоқсанында байқалған теңгедегі депозиттердің жылыстауын өтеуге мүмкіндік берді (-4.1%, -221.5 млрд. теңге). 2020 жылдың 2-тоқсанында жеке тұлғалардың теңгелік депозиттерінің өсуі 2020 жылдың 1-тоқсанын қоспағанда соңғы 12 айда байқалған жоғары өсу үрдісін жалғастырды.

Сонымен бірге, соңғы 12 айда жеке тұлғалардың депозиттер нарығы 13.2% (+1 149.9 млрд. теңге) өсті. Бұл өсім толығымен дерлік ұлттық валютадағы депозиттердің артуымен байланысты болды (соңғы 12 айдағы депозиттердің жалпы өсуінің 91%).


Тұрғындардың валютадағы депозиттері 2020 жылдың 2-тоқсанында теңгемен есептегенде 12.8% (-600.4 млрд. теңге) төмендеді, ал соңғы 12 айда халықтың валютадағы депозиттері теңгемен есептегенде 2.6% (+ 104.3 млрд. теңге) өскен. 2020 жылдың 2-тоқсанында халықтың шетел валютасындағы депозиттері доллармен есептегенде 3.3% (-342.2 млн. АҚШ доллары) төмендеді және соңғы 12 айда халықтың валютадағы депозиттерінде дәл осындай көрініс байқалады, яғни депозиттер 3.3% азайды (-345.6 млн. АҚШ доллары). 2020 жылдың 2-тоқсанында шетел валютасындағы депозиттердің кемуіне ұлттық валютаның АҚШ долларына қарағанда 9.9% нығаюы әсер етті.

Осылайша, 2020 жылдың 2-тоқсанында жеке тұлғалар депозиттерінің нарығы 2019 жылда байқалған тенденцияға қайта оралды: тұрғындардың шетел валютасындағы депозиттерінің кемуі мен теңгедегі депозиттердің өсімі.


Жеке тұлғалардың депозиттерінің долларлануы 2020 жылдың 2-тоқсанының соңында 5.9 пайыздық тармаққа (бұдан әрі – п.т.) төмендеп, 41.6% құрады (2020 жылғы 1-тоқсанында 47.4%). Айырбас бағамына қарай түзетілген¹ жеке тұлғалар депозиттерінің долларлануы 2020 жылдың 2-тоқсанында 3.3 п.т. төмендеп, 40.2% құрады (2020 жылдың 1-тоқсанында 43.4%).

2020 жылдың 2-тоқсанда жеке тұлғалардың депозиттерінің шоттарының саны 11.8% өсіп, 78.6 млн. шотты құрады (соңғы 12 айда +26.0%). 2020 жылдың 2-тоқсанында


1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы



2-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымының өзгеріс динамикасы



3-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы



¹ Барлық кезеңдерде валютаны қайта бағалау әсерінсіз мәндерді есептеу кезінде базалық бағам ретінде 2019 жылдың аяғындағы айырбас бағамының мәні алынды.

шоттардың санының өсуі соңғы 12 айда байқалған шоттар санының орташа тоқсандық өсімінен үш есе жоғары екенін ескерген жөн (+2.5 миллион шот). Бұл өсім карантиндік шаралардың әсері мен толығымен дерлік қолма-қол ақшасыз операцияларға көшу қажеттілігімен және төтенше жағдайға байланысты мемлекеттен қолдау алу үшін есепшоттар ашу қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін.

Депозиттердің сегменттер бойынша орналасу құрылымы

- Көпшілік сегмент – 15 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер.

- Ортаңғы сегмент – 15 - 50 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер.

- Ірі сегмент – 50 млн. теңгеден асатын қалдықтары бар депозиттер.

2020 жылдың 2-тоқсанында депозиттердің өсуі тек көпшілік сегментте байқалды (+5.6%) және бұл тұтастай алғандағы депозиттердің ұлғаюындағы сияқты негізінен теңгедегі депозиттердің өсуімен байланысты болды. Қалған екі сегментте (ортаңғы және ірі сегменттерде) депозиттердің 2020 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда сәйкесінше 3.1% бен 8.6% төмендеуі тіркелді. Алайда, валютаны қайта бағалауды есептемегенде өсім көпшілік және ортаңғы сегменттерде сәйкесінше 8.4% және 2.6% байқалады.


Сонымен қатар, үш сегментте де теңгедегі депозиттердің өсуі, ал валютадағы депозиттердің азаюы байқалды.

Тұтастай алғанда, негізінен валюта бағамының төмендеуіне байланысты сегменттерде теңгедегі депозиттердің ұлғаю тенденциясы мен шетел валютасындағы депозиттердің төмендеуі байқалды. Мәліметтерге сүйене отырып, 2020 жылдың 2-тоқсанында ұлттық валютаның нығаюы мен макроэкономикалық жағдайдың тұрақтануы әсерінен депозиттік сегменттер бойынша теңгелік депозиттер басым болды деген қорытынды жасауға болады.


Көрсетілген өзгерістер нәтижесінде 2020 жылдың 2-тоқсанының соңында сегменттердің арақатынасы келесідей: 55.8% - көпшілік сегмент (тоқсан басында 52.5%), 11.2% - ортаңғы сегмент (тоқсанның басында 11.5%), 33.0% - ірі сегмент (тоқсанның басында 35.9%). Долларлану деңгейі ірі сегментте айтарлықтай жоғары екенін атап өткен жөн - 2020 жылдың 2-тоқсанының соңында 74.7% (тоқсанның басында 78.7%). Долларланудың ең төменгі деңгейі көпшілік сегментте байқалады – 20.7% (тоқсанның басында 24.4%). Сонымен қатар, 2020 жылдың 2-тоқсанының соңына қарай барлық сегменттерде долларлану деңгейінің төмендеуі байқалатынын атап өткен жөн.

Депозит шоттарын қарастыратын болсақ, екінші тоқсанның аяғында барлық сегменттерде ұлттық валютадағы депозиттер шоттарының едәуір өсуі байқалды, бірақ валютадағы депозиттердің шоттарында ірі (-13.8%) және ортаңғы сегменттердегі шоттар (-14.9%) азайған.


4-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер



5-сурет. Теңгедегі депозиттер сегменттерінің өзгеруі



6-сурет. Шетел валютасындағы депозиттер сегменттерінің өзгеруі



Мерзім бойынша депозиттердің орналасу құрылымы

Екінші тоқсандағы теңгедегі депозиттер көлемінің өсуіне ағымдық/карталық шоттар (+ 30.7%), жинақ салымдары (+ 9.1%) және мерзімсіз салымдар (+ 7.7%) әсер етті.

Теңгедегі депозиттердегі ең үлкен үлесті бұрынғыдай мерзімді депозиттер алады – 53.5% (2020 жылғы 1-тоқсанында 55%), одан кейінгі ағымдық/карталық шоттар – 20.4% (2020 жылғы 1-тоқсанында 17.2%), ал мемлекет субсидиялайтын депозиттер – 15.6% (2020 жылғы 1-тоқсанында 17.0%). Бұрын айтылғандай, ағымдағы/карталық шоттардағы қаражаттың күрт өсуі карантиндік режимнің әсер етуімен байланысты болған (қолма-қол ақшасыз төлемдер қажеттілігінің күрт өсуі мен мемлекеттік көмек алуға байланысты).

Шетел валютасындағы депозиттерде, айырбас бағамын қайта бағалауды есептегенде, өсім мерзімді депозиттерде + 21.6%, талап етілгенге дейінгі салымдарда + 30.1% және ағымдық/карталық шоттарда + 6.3% байқалады. Мерзімсіз депозиттер (-5.2%) және жинақ салымдары (-11.6%) төмендеу қарқынын көрсетті.

Салымдардың басқа түрлеріне қарағанда валютадағы депозиттердің ең үлкен үлесін айтарлықтай артықшылықпен мерзімсіз валюталық депозиттері алады – 81.9% (2020 жылдың 1-тоқсанында 83.6%).


Нәтижесінде валютадағы депозиттер ішінде абсолютті мәнде өсімді көрсеткен мерзімді депозиттер (+ 9.6%, +23.1 млрд. теңге) және талап етілгенге дейінгі салымдар (+ 17.2%, +2.5 млрд. теңге). 2020 жылдың 2-тоқсанында төмендеуді көрсеткен валютадағы депозиттер: мерзімсіз салымдар (-14.6%, -572.1 млрд. теңге), жинақ салымдары (-20.3%, -40.1 млрд. теңге), ағымдық/карталық шоттар (-4.2%, -13.1 млрд. теңге). Бұл негізінен валютаны қайта бағалау есебінен болған.

Депозиттердің жалпы көлеміндегі тұрақты қаржыландырудың үлесі² жинақ салымдарының өсуіне байланысты тоқсанда 0.3 п.т. (11.4% дейін) шамалы өсті (8-сурет). 2020 жылдың 2-тоқсанында тұрақты қаржыландыруға жатпайтын (негізінен ағымдық/карталық шоттар есебінен) теңгедегі депозиттердің белсенді өсуіне байланысты, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда (2020 жылдың 1-тоқсанында +3.9 п.т.) теңгелік депозиттердің жалпы көлеміндегі тұрақты қаржыландырудың үлесінің төмендеуі байқалады (-0.6%, 9-сурет).


Салымдардың долларлануы

2020 жылдың 2-тоқсанында депозиттердің долларлануы 5.9 п.т. төмендеп, 41.6% деңгейінде болған (2020 жылдың 1-тоқсанда 47.4%), оның басты себебі ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты нығаюы болды.


7-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің құрылымы



8-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. теңге



9-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. теңге



² Мерзімді және жинақ депозиттерінің сыйақы көлемінің сыйақысы мемлекет есебінен субсидияланатын депозиттерді қоспағандағы жалпы депозиттерге қатынасы

Сегменттер бойынша жалпы депозиттердің долларлануының сомасы (валютаны қайта бағалауды ескере отырып) келесідей болды: ірі сегментте – 24.7% (2020 жылдың 1-тоқсанында 28.3%), көпшілік сегментте – 11.5% (2020 жылдың 1-тоқсанында 12.8%), ортаңғы сегментте – 5.4% (2020 жылдың 1-тоқсанында 6.3%).

Валютаны қайта бағалауды есептегенде, жалпы депозиттердің сегменттер бойынша долларлану келесідей: ірі сегмент – 22.3% (2020 жылдың 1-тоқсанның аяғында 25.9%), көпшілік сегмент – 10.4% (2020 жылдың 1-тоқсанының соңында 11.8%). Ортаңғы сегмент 4.9% (2020 жылдың 1-тоқсанының соңында 5.8%).

Валюта бағамын қайта бағалауды ескере отырып, сегменттердің долларлануы келесідей болды: ірі сегмент – 74.7% (2020 жылдың 1-тоқсанында 78.7%), ортаңғы сегмент – 48.0% (2020 жылдың 1-тоқсанында 54.7%) және көпшілік сегмент – 20.7% (2020 жылдың 1-тоқсанында 24.4%). Барлық үш сегмент бойынша долларлану коэффициентінің төмендеуі байқалады.


Шоттар бойынша валютадағы шоттардың үлесі өзгеріссіз қалып, жалпы шоттардың 6.4% құрады. Ірі шоттардың 61.8% (2020 жылдың 1-тоқсанында 69.9%) - валютадағы депозиттер. Бұл төмендеу осы сегменттегі валютадағы депозиттер шоттарының 13.8% күрт төмендеуіне және теңгелік депозиттер шоттарының 7.5% өсуіне байланысты. Ортаңғы сегментте валютадағы шоттар үлесінің 45.5% дейін төмендеуі байқалады (2020 жылдың 1-тоқсанында 52.2%), бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда валютадағы шоттар санының 14.9% төмендеуімен қатар теңгедегі шоттар санының 11.4% өсуімен байланысты. Көпшілік сегментте валютадағы шоттардың үлесі шамамен алдыңғы тоқсан деңгейіне сәйкес 6.4% құрады, бірақ өсу қарқыны 11.8% дейін өсті (2020 жылдың 1-тоқсанында 3.3%). Осылайша, 2020 жылдың 2-тоқсанында шоттардың жалпы санының абсолютті мәнде өсуі негізінен теңгелік депозиттер бойынша шоттардың көбеюіне байланысты болған.

Мерзім критерийлеріне сәйкес ең үлкен долларлану мерзімді депозиттерде байқалады – 86.0% (2020 жылдың 1-тоқсанында 83.4%) және талап етілгенге дейінгі депозиттер бойынша – 71.8% (2020 жылдың 1-тоқсанында 66.8%). Долларланудың ең аз дәрежесі ағымдық/карточкалық шоттарда байқалады – 20.3% (2020 жылдың 1-тоқсанында 25.8%) және жинақ салымдары бойынша – 22.5% (2020 жылдың 1-тоқсанында 28.5%), бұл мемлекеттегі есеп айырысу үшін теңгенің қолданылуымен және теңгедегі жинақ салымдарының сыйақы мөлшермелерінің жоғары болуына байланысты.


Сыйақы мөлшермелері

2-тоқсанда мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме ұсынылған деңгейге дейін (2020 жылдың мамыр айын қоспағанда) біртіндеп төмендегенін көрсетті. Ұсынылған мөлшерлеменің деңгейінде де төмендеу байқалды. Талданып отырған кезеңнің нәтижелері бойынша нарықтық мөлшерлеме


10-сурет. Салымдардың долларлануы



11-сурет. Сегменттердегі долларлану



12-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



мен ұсынылған мөлшерлеме арасындағы спред³ 0.3 п.т. төмендеген, бірақ спредтің тұрақты кеңеюі немесе тарылуы тіркелмеген.

2020 жылдың наурыз айында инфляциялық күтулерді тұрақтандыру үшін және сыртқы күтпеген өзгерістер ықпалының қаржы нарығына таралуын шектеу мақсатында ҚРҰБ базалық мөлшерлемесін 12%-ға дейін күрт өсіргенімен сәуір айында базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде ұстап тұру экономикалық белсенділікке шектеу болуы мүмкін деген себептермен базалық мөлшерлемені 9.5% дейін қайта төмендетті⁴. Базалық мөлшерлеменің төмендеуі шекті ұсынылған мөлшерлемелердің біртіндеп төмендеуіне әсер етті (мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынылған мөлшерлеме 13% -дан 11% -ға дейін төмендеді). Тиісінше, банктер де екінші тоқсанда мерзімсіз депозиттерді тарту бойынша нарықтық мөлшерлемелерін азайтқандары байқалды.


Сыйақы мөлшерлемелерінің едәуір төмендеуін көрсеткен басқа депозиттер - 24 айлық мерзімді депозиттер (-1.7 п.т.). Бұл төмендеу банктердің осы депозит түріне қызығушылығының төмендігін көрсетеді. Бұл аталған депозиттердің салымшыларға арналған шарттарына сәйкес басқа мерзімді депозиттерден айқын айтарлықтай айырмашылығы жоқтығынан және жинақ салымдарымен салыстырғанда шектеусіз қаражатты алу мүмкіндігінің болуына байланысты бұл депозиттердің мөлшерлемелерінде қосымша ақы қарастырылмағандықтан.

2020 жылғы 2-тоқсанда 6 айлық мерзімді депозиттер бойынша нарықтық және шекті ұсынылған мөлшерлемелер арасындағы спредтің ұзартылған тарылуы 4.3 п.т.-тан 1.4 п.т.-қа дейін болғанын атап өткен жөн (2019 жылдың 4-тоқсанында 0.2 п.т.). Спредтің тарылуы депозиттердің осы түрлері бойынша шекті ұсынылған мөлшерлемелерінің біртіндеп төмендеуі мен нарықтық мөлшерлемелерінің біртіндеп өсуіне байланысты болды. Осылайша, екінші тоқсанның аяғында 6 айлық мерзімді депозиттердің сыйақы мөлшерлемесі 12 айлық мерзімді депозиттердің нарықтық деңгейіне ұқсас 10.1% құрады. Бұл банктердің осы депозит түрлері арасында айтарлықтай айырмашылық жасамайтындығын және оларды бірдей мөлшерде тартуға дайындығын көрсетеді.


Сонымен бірге, 24 айлық жинақ салымдарының спреді 1.6 п.т.-тан 0.9 п.т.-қа дейін тарылғаны байқалады. 24 айлық жинақ депозиттердің нарықтық мөлшерлемелері олар үшін ұсынылған шекті мөлшерлеменің 0.6 п.т. төмендегеніне қарамастан, салыстырмалы түрде тұрақты деңгей көрсетті. Бұл факт банктердің тұрақты қаржыландыруға жататын осындай ұзақ мерзімді депозиттерді тартуға деген қызығушылығының жоғары екендігін көрсетеді.

Мерзімі 3 және 6 айлық жинақ салымдарының нарықтық мөлшерлемелері олар бойынша ұсынылған шекті мөлшерлемелер сияқты төмендеген. Бұл банктердің тұрақты


13-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



14-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



15-сурет. Жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



³ Депозиттік өнімнің нақты түрі үшін ұсынылған ең жоғарғы мөлшерлеме мен нарықтық мөлшерлеме арасындағы айырмашылық

⁴ <https://nationalbank.kz/ru/news/press-relezy/8948>

қаржыландырудың осы түрлеріне онша қызығушылық танытпайтындығын көрсетеді.

Негізгі депозиттер бойынша нақты мөлшерлемелер (нарықтық мөлшерме - инфляция) негізінен базалық мөлшерлеменің төмендеуіне байланысты азайды. Сонымен бірге, 24 айлық мерзімді депозиттер бойынша нақты мөлшерлемелер өткен тоқсандағы мәннен 2.3 п.т. төмен болған, бұл аталған депозиттің мөлшерлемелерінің төмендеуінің салдарынан болған.

16-сурет. Инфляция деңгейіне түзетілген депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы

